**«Professional Community Astana Orleu»**
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
**БСН 160440028233**

astana orleu

Товарищество с ограниченной ответственностью
**«Professional Community Astana Orleu»**
**БИН 160440028233**

Z05H9M1, Астана қаласы,
Достық көшесі, 5, 8 қабат, кеңсе 43
8 (7172) 25-33-80, 25-33-90
mail@astanaorleu.com

Z05H9M1, город Астана,
улица Достык, 5, 8 этаж, оф. 43
8 (7172) 25-33-80, 25-33-90
mail@astanaorleu.com

**Шығ.№ 09-04** **«5» қаңтар 2025ж.**

**Мекеме басшыларына**

**Құрметті басшылар!**

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енуі және Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 (2024 жылғы 9 қазанда ҚР ӘМ № 35238 ретінде тіркелген) «Мемлекеттік сатып алуды жүргізу ережелерін бекіту туралы» бұйрығының 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап енгізілуіне байланысты тауарлар, жұмыстар және қызметтерді (ТЖҚ) жоспарлау және сатып алу кезінде әкімшілік құқық бұзушылықтармен байланысты тәуекелдерді алдын алу, сатып алынатын ТЖҚ-ге қойылатын талаптарды белгілеу, мемлекеттік сатып алу саласындағы енгізілген және жоспарланған өзгерістерді талқылау мақсатында жауапты мамандардың, сатып алу бөлімдері басшыларының, бас мамандардың, бухгалтерлер мен ұйымдардың басшыларының танымдық-ақпараттық және практикалық іс-шараларына қатысу қажеттілігі туындайды.

2025 жылғы маңызды өзгерістерді және ескере отырып, **«ProCommunity Astana Orleu» ЖШС** сіздің мекемедегі бірінші басшыларды, бас есепшілерді, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру бойынша құрылымдық бөлімшелердің басшыларын, мемлекеттік сатып алу жөніндегі мамандарды **2025 жылдың 20-21 қаңтар Тараз қаласында, «2025 жылғы өзгерістерді ескере отырып, Мемлекеттік сатып алу: өзгерістер мен толықтыруларға толық шолу. Мемлекеттік сатып алу жүйесі субъектілерінің сатып алу қызметін құқықтық реттеу және тиімді ұйымдастыру. Міндеттемелерді орындау бойынша тәуекелдерді анықтау және алдын алу жөніндегі практикалық аспектілер» тақырыбында өтетін 2 күндік практикалық конференцияға қатысуға шақырады.**

***Ағымдағы өзгерістер туралы анықтама:***

1. ***2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2024 жылғы 1 шілдедегі 106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы күшіне енеді.***
2. ***2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 (2024 жылғы 9 қазанда ҚР Әділет министрлігінде № 35238 ретінде тіркелген) «Мемлекеттік сатып алуды жүргізу ережелерін бекіту туралы» бұйрығы қолданысқа енгізіледі.***

**Конференцияның мақсаты:** *ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа Заңына, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына және 2025 жылы мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға қатысты ҚР ҚМ-нің басқа да бұйрықтарына қатысты өзекті теориялық және практикалық білім алу. Сатып алу әдістеріндегі жаңашылдықтарды зерттеу, проблемалық мәселелерді шешу, мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнамадағы өзгерістерді талқылау, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін, әкімшілік құқық бұзушылықтарды және мүдделер қақтығысы жағдайларын қарастыру.*

**Конференцияның міндеттері:**

- *2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңын қарастыру (2025 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді);*
- *2025 жылғы 1 қаңтардан бастап енгізілетін мемлекеттік сатып алуды жүргізу бойынша жаңа ережелерін (Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығы)қарастыру;*
- *Конференцияға қатысушылардың нақты практикалық жағдайлары мысалында ТЖҚ жоспарлау және сатып алу кезіндегі ағымдағы проблемалық мәселелерді қарастыру;*

- ***сатып алудың жаңа тәсілдерін және сатып алу тәсілдерін өткізу тәртібіндегі өзгерістерді зерделеу;***
- ***Конкурс, баға ұсыныстарын сұрау және электрондық дүкен тәсілдерімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде демпингтік бағаны анықтау тәртібін зерттеу.***
- ***әлеуетті өнім берушілердің міндеттемелерді орындауы бойынша проблемалық мәселелерді қарастыру;***
- ***Тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының және сараптамалық комиссияның (сарапшының) әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағымдану тәртібін зерттеу;***
- ***Отандық тауар өндірушілерді, мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктерін, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін (бизнес) қолдау мәселелерін қарастыру;***
- ***Мемлекеттік сатып алу туралы келісімшартқа өзгерістер енгізу шарттарын қарастыру;***
- ***Мемлекеттік сатып алу туралы келісімшартты бұзу шарттарын қарастыру;***
- ***әлеуетті өнім берушілердің міндеттемелерді орындауы бойынша проблемалық мәселелерді қарастыру;***
- *Мемлекеттік сатып алуды нормалау мәселелерін қарау – сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге қойылатын талаптарды, оның ішінде Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес әзірленетін және бекітілетін заттайнормаларды белгілеу және сатып алу тәсілін айқындау;*
- *нұсқамаларды орындау мәселелерін қарастыру;*
- *Конкурсқа қатысу өтінімдерінің мазмұнын, қабылдамау себептерін егжей-тегжейлі түсіндіре отырып мысалдарын қарастыру;*
- *Шарттарды заңдық негіздемелермен пысықтау мүмкіндігімен шарттардың барлық үлгілік нысандарының жобаларын қарау;*
- *Тапсырыс берушінің техникалық ерекшеліктерінің мысалдарын қарастыру (талаптардың дұрыстығын негіздеу);*
- *Сатып алуға қатысушылардың әкімшілік бұзушылықтарын болдырмау мақсатында, айыппұлдар кестесін ұсына отырып, сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігін талқылау және т. б.*

**Модератор, лектор:**

**Шагырбаева Акнур Абиковна –** *қазіргі сарапшы-практик, 2007 жылдан бастап квазимемлекеттік кәсіпорындарда мемлекеттік сатып алу бойынша электрондық сауда тәжірибесін енгізумен айналысқан. Практикалық жұмыс тәжірибесі: Жамбыл облысы әкімінің аппараты, ҚР ТЖМ, «Самғау» Ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі АҚ, ҚР Президенті Іс басқармасы, ҚР Жоғарғы Соты және т. б.*

*2018 жылдан бастап ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі жұмыс тобына белсенді қатысуда. 2020 жылдан бастап*

*«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсекелестікті дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі жұмыс тобына қатысуда. 2023 жылдан бастап ҚР теңгерімдеуші нарығының есеп айырысу орталығынан нақты уақыт режимінде теңгерімдеуші нарықты іске қосуға белсенді қатысуда.*

**Конференция қатысушылары:** *басшылар, бас бухгалтерлер, бухгалтерия мамандары, сатып алу бөлімінің басшылары, мамандары және мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің мүдделі тұлғалары.*

**Конференция тақырыбы:** *«2025 жылғы өзгерістерді ескере отырып, Мемлекеттік сатып алу: өзгерістер мен толықтыруларға толық шолу. Мемлекеттік сатып алу жүйесі субъектілерінің сатып алу қызметін құқықтық реттеу және тиімді ұйымдастыру. Міндеттемелерді орындау бойынша тәуекелдерді анықтау және алдын алу жөніндегі практикалық аспектілер».*

**Конференцияның өтетін күні: 20-21 қаңтар 2025 ж., Тараз қаласында.**
*Қатысушылар саны шектеулі.*

**Өткізілетін орны:** Іс-шараға 3 күн қалғанда қосымша хабарланады.

**Жарна:** бір қатысушыға ҚҚС есебінсіз **74 480** теңге[1]
(Ұйымдастырушы ҚҚС төлеуші болып табылмайды).

**KASPI Gold, HALYK Bonus (қашықтан төлеу) арқылы төлеген уақытта – 68 890 теңге**
Төлемді кейінге қалдыру кезінде **Kaspi RED (3 айға пайызсыз бөліп төлеу), Kaspi 0-0-12, Halyk бөліп төлеу 0-0-3 – 74 480 теңге**

Ұйымдастырушыға тәуелсіз жағдайлар бойынша, Іс-шараның бір күніне қатысқан кезде, 45 000

теңге мөлшерінде жарна енгізіледі.

**Конференцияның ұзақтығы:** 20-21 қаңтар, 16 академиялық сағат

**Оқыту қазақ тілінде жүргізіледі.**

**Жарнаға мыналар кіреді:**

- *Конференцияға қатысу*
- *Бизнес-ланч*
- *Үлестірме материал («Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңы, «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережесі», маркер, стикерлер, блокнот,қалам)*
- *Конференцияға қатысқандығы туралы атаулы сертификат*

***Қатысушылар үшін бонус – 6 ай бойы «Жазбаша сұрақ – жауап» кері байланыс режимінде лектордан сұрақтарыңызға жауаптар(іс-шараға қатысқаны үшін бонус ретінде тегін беріледі)***

**Конференцияға қатысу үшін** төмендегі телефон нөмірлеріне қоңырау шалу арқылы өтінім беріп, келісім шарт жасау қажет:

**Тел: : 87084251938, 87172251938, 87084250144**

Сіздің жеке менеджеріңіз **Молдир**

**Сіз өтінімді келесі e-mail-ға жібере аласыз**: **102@astanaorleu.com**

**Аталмыш ақпаратты бағдарламалардың әкімшілеріне және ведомстволық бағынысты ұйымдарға жеткізуді сұраймыз.**

**Бас директор** **Б. Аширов**